



*ДУЛАТБЕКОВ
Нұрлан Орынбасарұлы,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
Академиясының корреспондент-мүшесі*

XX ғасырдың алғашқы жартысында бұрынғы Кеңес Одағында етек алған жаппай саяси қуғын-сүргіндер адамзат тарихына билік жүйесінің өз халқына қарсы жасаған қылмыстарының символы ретінде енді. Одақ ойсырағаннан кейін егемендікке қол жеткізген мемлекеттердің, ұлттардың барлығы да қазіргі демократиялық қоғам көзқарасы, танымы тұрғысынан өткенін зерделеп, оның тағылымды тұстарынан сабақ алып, тарих толқындарында жоғалтқанын іздеп, ұтқаны мен ұтылғанын салмақтауда нәубет жылдардың қыр-сырына үнілуде.

Қазақстан тарихында НКВД-ның Қарлаг еңбекпен-түзеу лагерьлері жүйесі ерекше орын алады. Қарағанды лагерьлерін құрудың негізінде геосаяси фактор болды. Тау-кен, металлургиялық өндірістер мен ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру елді мекендері сирек, табиғи ресурстарға бай, КСРО-ның орталық аймақтарынан алыс орналасқан Қазақстанның кең даласында тұрғылықты халықты туған топырағынан күштеп ығыстыру, адамдардың өлім-жітімі есебінен орындалды.

КСРО мұрағаттарында сан жылдар бойы «өте құпия» белгісімен сақталған құжаттарды, түгелдей болмаса да, сөйлету – ұлттық рухымызға серпіліс әкелумен бірге тарихи санамызды да оятты. Қызыл империяның зұлтаттарын көзімен көргендер өз естеліктерін көпшіліктің назарына ұсына бастады. Десек те, КСРО жазалау жүйесіне қатысты кейбір маңызды мәселелерді зерттеуде қиыншылықтардың әлі де болса орын алып отырғаны белгілі.

Ғылыми айналымға түскен мұрағат материалдары тарихтың жаңа беттерін ашумен бірге, мемлекетіміздегі тарихи және саяси үрдістер дамуының жаңа ұстанымдары мен тұжырымдарын қалыптастырды. Тарихтың қаралы беттерінің мәні мен мағынасын таразылай отырып, саяси шектеулердің қырсығынан бұрмаланған тұстарын қалпына келтіру – кез-келген өркениетті елдің мақсаты мен мұратына жатады.

Әрине, тарихи оқиғаларды бағалауда уақыт биігі өз қолтаңбасын салатыны белгілі. Бүгінгі қоғам да мұны айналып өте алмайды. Осыған орай Кеңес мемлекетінің қызыл террор тұсында жасаған көптеген тарихи шешімдерінің өзін-өзі ақтамағандығы туралы, тіпті тарихи тұлғалар (Шыңғысхан, Гитлер, Сталин т.б.) жайлы ой-пікірлердің



ДУЛАТБЕКОВ

*Нурлан Орынбасарович,
доктор юридических наук, профессор,
член-корреспондент Национальной Академии
Наук Республики Казахстан*

Массовые политические репрессии первой половины XX века вошли в историю человечества как зверства тоталитарного режима против собственного народа. После распада СССР и достижения суверенитета, государства и нации обратились к своему прошлому, анализируя последствия кровавого террора, пытаясь извлечь уроки и оценить события с точки зрения современного демократического общества.

В истории Казахстана особое место занимает система исправительно-трудовых лагерей Карлага НКВД. В создании Карагандинских лагерей стоял, главным образом, геополитический фактор. Малая населенность обширной территории, богатые природные ресурсы, удаленность от центральных регионов СССР позволили осуществить грандиозную программу по развитию горно-металлургической промышленности и сельского хозяйства ценой насильственной депортации коренного населения и высокой смертности.

Документы, связанные с Карлагом, долгие годы пролежали в архивах под грифом «совершенно секретно». После перестройки в СССР постепенно, очень выборочно, начали приоткрываться архивные фонды. Свидетели страшных событий представили свои воспоминания на суд широкой общественности. Несмотря на открывшиеся возможности, изучение многих вопросов, связанных с карательной системой СССР, затруднено до сих пор.

Вместе с тем, известные документы, став объектом исследований, открыли новые страницы истории и способствовали появлению новых научных принципов и концепций развития исторических и политических процессов в государстве. Анализ сути и значения трагических страниц недавнего прошлого и восстановление искаженной истории является целью любого гражданского общества.

Безусловно, время вносит свои коррективы в оценку исторических событий. И поэтому закономерно разнообразие точек зрения и позиций в отношении оправданности многих исторических решений Советского государства, событий, происходивших во времена красного террора и даже исторических личностей (Чингисхан,

DULATBEKOV

*Nurlan Orynbasarovich
Doctor of Law, professor,*

The numerous political repressions of the early twentieth century are considered to be the most cruel actions of the bolshevist regime against the nations. After the collapse of the USSR, the former Soviet countries gained their own sovereignty and started analyzing the consequences of the bloody acts of the past in order to find what was won and was lost in history.

The Corrective Labour Camps of Karlag supervised by NKVD (Narkomat of Home Affairs) has a special place in Kazakhstan's history. The scarcely populated vast territory of the central part of Kazakhstan, its rich natural resources and its location (long distances from the central regions of the USSR) were the factors that contributed to launching an immense programme on development of mining industry and agriculture. Despite the fact that to fulfill the programme the native population was deported and thousands died.

The archival documents containing classified information, untouched for many years, at last have been examined and made available to historians, though not telling everything. People witnessing those atrocious events at last had the chance to tell about them publicly. Moreover, these documents have opened up new pages in history and contributed to the emergence of new principles and conceptions. The study of the tragic past and restoration of real history is one of the main tasks set to by every civilized society. However, some of the issues concerning the punitive system of the USSR are still to be studied. Undoubtedly, the attitude to historic events and their interpretation is not constant and does change with the lapse of time. Therefore, it is quite acceptable for variety of opinions and attitudes to exist. The debates aroused in today's society concerning some of the controversial historic figures, such as Genghis Khan, Hitler, Stalin and others prove it. Whereas